2024-2025 оқу жылының
Әдістемелік кеңесінің №1 хаттамасы

Тақырыбы: ***Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру***
Өткізілген күні: 27.09.2024 жыл
Қатысқан: 1 педагог

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылында дамыту.
   Әдіскер – Сексенбаева Г.М.

Педагогикалық құжаттарды талапқа сай толтырулары :

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білімді көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
   Әдіскер – Сексенбаева Г.М.
3. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторының бір
4. Ағымдағы мәселелер жөнінде Әдіскер – Сексенбаева Г.М.

Тыңдалды: Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарларын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

Сөйледі: Әдіскер Сексенбаева Г.М.Биылғы оқу жылында құжаттарында өзгерістер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнының іске асуы ҚР-да білім беруді және тәрбиені дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартқа айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:
- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыру;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық кеңістік дамытушы ортаны құру
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтама-
сыз етуге;
-балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық даму-

на бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
-әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалдарының мазмұнын меңгеруде балалардың дамуын мониторингілеу үшін ұйымдастыруға;
-мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қалыптастыруға бағытталған.
Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған „Денсаулық", „Коммуникация", „Таным", „Шығармашылық" „Әлеумет", білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етеді.
Білім беру салаларының өзара байланысуы балаға қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.
Білім беру салаларының мазмұны кіріктіру балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес
олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырылады.
Мысалы, „Дене шынықтыру" ұйымдастырылған оқу қызметін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде педагог балалардың ауызша сөйлеуін дамытады, сөздік қорды толықтырады, санауды, ой-өрісін, музыкалықсүйемелдеуімен қимылдауларын орындауға үйретеді. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың топтық белсенділігін дамытуға әкеледі, олардың тұтас қабылдауға әкеледі.2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада өтпелі тақырыптар жасалынды, бекітілді. Өтпелі тақырыптар балалардың жас ерекшеліктері,
балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып, инклюзивтілік құзіреттілік танытуда
бағытталған. Педаго-мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады.Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес.
Үлгілік бюағдарлама бағдарлама мазмұнын меңгерту сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиелеу өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады
Перспективалық жоспарда сәйкес балалардың дамыту, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б күн тәртібіндегі процестерін орындаушы қалетын жас өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арнап ұйымдастырылған құрастырылады. Циклограмманың жоспарлауға қойылатын талаптар:
-ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес
анықталады;
-өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламаның материалды бөлуде жүйелік пен сабақтастық ұстанымын сақтау;

Үлік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың жеке және таңдауды дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
балаларды дамыту мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технолгиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
-циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және балаларды сапалы тәрбиелеу және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі тәсілдер мен ұстанымдар қарастырылған:тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары педагогтар, психологтар, ата-аналардың балалар тұлғасының қалыптасуында және оның қабілеттерінің дамуында кеңейтілген тәсілі;
- балалардың жас, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың дамуына әрекеттік тәсіл;балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға денсаулықты сақтау тәсілі;
- баланың даму деңгейіне мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйым қызметіне инновациялық тәсіл;
оқытудың тұтастық, сабақтастық, үздіксіздік ұстанымдары келесі бөлімде бұрын игерген
білімді бекітуді, кеңейтуді және тереңдетуді қамтамасыз ететін білім беру салаларының бөлімдерінің арасындағы байланыс ретінде;
ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру;
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі
балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламалары бар, ресурстар кіретін интерактивтік жабдықтар жатады. Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуға ықпал етеді.2024-2025 оқу жылында Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтау, педагогтың балаларға алдағы амалдарын белгілеу, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг енгізді. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жасалғандық бойынша білім беру салаларының күтілетін нәтижелер бойын табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады.Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:
-бастапқы - қыркүйекте;
-аралық - қаңтарда;
-қорытынды - мамырда жүргізіледі.
Бастапқы бақылау алдағы жас тобындағы индикаторлар (II жартыжылдықтың күтілетін нәти-желері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика кезінде тәрбиеші психолог пен педагог мамандарымен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды, соңынан, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жеке тұлға индикаторлары анықталады.I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда)

жүргізіледі. Аралық педагогикалық диагностиканы жүргізу мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады.
Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижесі бойынша Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму болашағы белгіленеді.Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейін бөлуін болжайды:
1-деңгей - бала сол не басқа қимылдарды қай-
талай алады;
2-деңгей - бала не істеп жатқанын түсінеді;
3-деңгей - бала өзінің жасай алатынын қолданады.
Мониторинг нәтижелері бақылау парағына толтырылады.
Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын балалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізіледі. Топтық бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша жинақ есепті құрастыру үшін әдіскерге береді.Сонымен бірге, педагогтардың таңдаған біліктілік көтеру тақырыптарына тоқталатын болсам, өзіндік білім көтеру тақырыптарына тоқталатын болсам, өзіндік білім көтеру тақырыптары үш жылға және бес жылға аласыздар. Сол тақырып аясында 3 жыл балалармен, ата-аналармен кеңейтілген жұмыс жасап, өздеріңіздің кәсіби біліктіліктеіңізді жан-жақты жетілдіріп отырасыздар. Биыл бір тақырып алып, оны аяқтамай кеңесі жылы басқа тақырып алуға болмайды. Өйткені алған тақырыптарыңыздың нәтижесіне жетулеріңіз керек. Ол жылдан-жылға балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлғайып, соңында бір нәтижеге жетулеріңіз керек.
Портфолио - бұл педагогтың өздігінен білім көтеруде жинақталған құжаттары және оны өзінің кәсіби іс-әрекет жетістіктеріне баға беруді мен саналы түрде ұғынуында пайдаланып. Портфолиосы өзіне кәсіби жетістіктерін, тәрбиеленушілерді оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы нәтижелерін, педагогтың білім беру саласында қосқан үлестерін біріктіретін және дамытудағы жеке папкасы болып табылады. Портфолио педагогке тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлығын бағалауға, түзетушілігіне сәйкестігін талдау аясын меңгеруге береді. Сондықтан, сіздерге әр жылы портфолиоларыңызды толықтырып, жинақтап отыру арқылы өз-өздеріңізге баға беріп отырасыздар. Сол арқылы, келешекте аттестациядан өтулеріңізге жоспарлап алуға мүмкіндік береді. Портфолиоларыңызды реттеп, дайындап қойыңыздар.
Шешім:

1. Перспективалық жоспар, циклограмма

2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.

2. Әр педагог өз білімін көтеру тақырыбын алып, жан-жақты жжұмыстарды жүргізуді жандандырсын.
3. Шығармашылық жобалар жұмысы жүйеленсін.

2.Тыңдалды: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

Сөйледі: Педагогикалық тақырыптың өзекті мәселеге байланысты болуы, өзекті мәселенің оқу жылына байланысты мақсат-міндеттерін байланысты және әр педагогтың біліктілік дәрежелеріне қатысты міндеттерне сай болуы керек дегенді айтты.
Шешімі: Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жүргізу.
Тыңдалды: Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу - педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.
Шешімі: Өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу бақылауға алынсынТыңдалды: Ағымдағы мәселелер.
Сөйледі: Әдіскер Жуманова Б.А алдағы жасалатын жоспарларға тоқтала өтті.
Әрбір мекеменің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындауларыңыз қажет, сіздердің балаларыңыз жүргізілген жұмыстардың осы уақытта көрінеді.

Кеңес төрағасы: Сексенбаева Г.М.
Хатшы: Абиева Қ

2024-2025 оқу жылының
Әдістемелік кеңесінің №2 хаттамасы

Тақырыбы: Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқытумен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану
арқылы нәтижеге жету жолдары
Өткізілген күні: 08.11.2024 ж
Қатысқаны: 7
Қатыспағаны: -0
Жүргізілу түрі: конференция
Әдістемелік кеңес төрайымы: Г.М.Сексенбаева
Хатшы: Абиева.Қ

Күн тәртібінде:

№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: Г.М.Сексенбаева мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтері жүргізіліп жатыр. Педагогтар ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізінде білім беруде.

Шешімі: Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Тыңдалды: Барлық топтардың тәрбиешілерінің мамандардың жұмыс бағдарламаларының
(шығармашылық жоба, вариативтік) сараптама нәтижелері.

Сөйледі: Г.М.Сексенбаева осымен ұрпақты адамгершілік-рухани тәрбиелеу мәселесі заманда өзекті болып келді. Күннің екінші жартысында өтілетін вариативтік компонент бағдарламаларының өте тәрбиешілердің шығармашылық жобалары бойынша сараптама жауап жүргізді. Қазақстан әлемдік қауымдастықта екендеп басып келеді және өзінің алдына жоғары даму мақсатын қойды. Елі барында әртүрлі жеке көрінуі болып келеді, жеке көптеген балалар бір тілден артық тіл қолданатын ортада тұрады. Қазіргі қоғам мәселелерінің бірі тек жаңа экономикалық жағдайға бейімделген тұлғаны тәрбиелеу емес, сонымен бірге қазіргі заманға лайық белсенді тұлға тұлғаны қалыптастырады.

Шешімі: Вариативтік компонент жұмысы жалғастырылсын.

3. Тыңдалды: Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.

Сөйледі: Тәрбиеші Ойнарбеекква А. мектепке дейінгі кезеңде баланың зияткерлік, тұлғалық, эмоциялық дамуы жүзеге аса бастайды. Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызы және баланың шығармашылық қызметін қамтамасыз етуге , балаға өзін танып жетілдіруге және өзінің белсенділігін көрсетуге, балалардың дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу

жұмысының дамытушылық және арттыруға және педагогикалық үдерісті жетілдіруге мүмкіндік береді.
Сөйлегендер:
Жанторина М. Дамытушы орта дайындаудаата-аналармен қандай жұмыстар жүргізіліп отырсыз?
Ойнарбекова А.: Ата-аналар жиналысында дамытушы ортаның балалардың дамуына пайдасы туралы айтып, тренинг өткіздік. Содан кейін ата-аналардың қолдаушылығымен орнап, өздері түрлі қалдық материалдардан дидактикалық материалдардан дидактикалық материалдарды жасап келе бастады. Қазір орталықтарды толықтырып жатырмыз.
Жанторина М: Дамытушы орта барлық тобында?
Ойнарбекова А: «Сюжетті-рөлді ойын, шығармашылық бұрышы, табиғат бұрышы,
«Қуыршақ театры» бұрышы, дидактикалық ойындар бұрышы дайындалған.
Шешімі: Барлық топтарда дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
Сөйледі: Сексенбаева Г.М. жас мамандардың жұмыстарына тоқталып өтті. Жас мамандар өте алғыр, берілген тапсырманы дер кезінде орындайды. Бірақ, олар өзді-өзі дамуларына көбірек кірісу керек. Жаңа технологияларды тиімді пайдалана білу керек. Тәлімгерлер кеңес беріп, толық жұмыс жасау керек.
Шешімі: Жас мамандардың шығармашылықпен өздену жұмыстары жандандырылсын.
6. Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық
жұмыстардың жетілдіру.
Сөйледі: Тәрбиеші Жанторина М. балаларға экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Табиғат әлемі таңғажайып әрі керемет.Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайта қалыптасуда тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жағымды адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат - бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу тіл ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі оқыту әдістері бұрыштарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайға бару; мақсатты серуен; телебағдарламалар,бейнежазбалар; табиғат туралы көркем әдебиеттің, суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар,мақал-мәтелдер. Мектепке дейінгі жастағы балаларды адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие

беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр-деді.
Шешімі: Тәрбиешілерге экологиялық тәрбие беру жұмыстары жандандырылсын.
7. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.
Сөйледі: Сексенбаева Г.М. ағымдағы жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен бірлесе ұйымдастырылсын, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиенің іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі дайындап, топтарға тарататын болсын. Ата-аналармен кезекті ата-аналармен жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Кеңес төрағасы: Сексенбаева Г.М.
Хатшы: Абиева Қ

«АМИНА И КО»

2024-2025 оқу жылының
Әдістемелік кеңесінің №3 Хаттамасы

Тақырыбы: «Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамыту»

Мақсаты: *Болашақ ұрпақты халық қазынасымен сусындату арқылы балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы арқылы қалыптастыру, дамыту.*

Өткізілген күні: 29.01. 2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: 0 педагог

Күн тәртібі:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы
2. **«Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамытуда жасанды интеллекті қалай қолдануға болады?»** баяндамасы
   Баяндамашы: әдіскер Сексенбаева Г.М.
3. **2024-2025 оқу жылы I жартыжылдық балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)**
   Баяндамашы: әдіскер Сексенбаева Г.М.
4. **«Педагогтердің эмоциялық жай-күйі» психологиялық тренингі**
   Өткізуші: педагог-психолог
5. **Әр түрлі мәселелер**

Хаттаманың мазмұны:

1-мәселе бойынша:

№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер баяндама жасады. Алдыңғы кеңесте қабылданған шешімдер талқыланып, олардың жүзеге асырылу деңгейі тексерілді.

Шешімдер:

Мерзімі: жыл бойы.

1. Видеомонтаждау кезінде нейрожелілермен жұмыс жасау, фон музыкасы мен иллюстрацияларды нейрожелі көмегімен жасалсын.

Мерзімі: үнемі

2. Нейрожелілермен жұмыс жасауда балалардың жас ерекшелігі ескертілсін

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

4. Жасанды интеллект технологиясымен жұмыс жасау қарқын алсын, нейрожелілердің түрлерін жан-жақты үйренсін

Мерзімі: әр апта сайын

Жауапты: әдіскер

5. Цифрлық технологиялармен жүйелі жұмыс жасалсын, сұрақтары бойынша әдіскермен тығыз байланыс жасалсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: барлық педагогтер

Қабылданған шешімдерге бөбекжай меңгерушісі Сексенбаева Г.М.оң бағасын берді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Сексенбаева Г.М. «Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамытуда жасанды интеллекті қалай қолдануға болады?» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамасында төмендегідей мәселелер қозғалды:

- Жасанды интеллект құралдарының (виртуалды шындық, чат-боттар, аудиовизуалды материалдар) балалардың ойлау қабілетін дамытуға ықпалы.
- Этномәдени элементтерді енгізу арқылы балалардың ұлттық танымын арттыру жолдары.
- Балабақшада цифрлық технологияларды қолдану тәжірибелері.

Қатысушылар баяндаманы талқылап, пікір алмасты.

Қабылданған шешім:

- Педагогтерге жасанды интеллект мүмкіндіктерін зерттеу және оқу процесінде пайдалану ұсынылсын.
- Этномәдени материалдарды цифрлық құралдар арқылы енгізу тәсілдері қарастырылсын.
- **Жауапты:** әдіскерлер, педагогтер.
- **Орындау мерзімі:** 2024-2025 оқу жылы.

3-мәселе бойынша:

Әдіскер Сексенбаева Г.М.2024-2025 оқу жылы I жартыжылдығындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша жүргізілген сараптаманың (диагностиканың) қорытындыларымен таныстырды.

Диагностикалық талдау төмендегі нәтижелерді көрсетті:

- Балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларының деңгейі.
- Негізгі құзыреттіліктер бойынша жетістіктер мен кемшіліктер.
- Әр топтағы балалардың даму динамикасы.

Қатысушылар нәтижелерді талқылап, ұсыныстарын білдірді.

Қабылданған шешім:

- Әр педагог өз тобы бойынша балалардың құзыреттілік деңгейін көтеру бойынша жеке жұмыс жоспарын әзірлесін.
- Кемшіліктерді жою үшін қосымша әдістемелік ұсыныстар енгізілсін.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, балалардың дамуын қолдау жұмыстары күшейтілсін.
- **Жауапты:** әдіскерлер, педагогтер.
- **Орындау мерзімі:** 2024 жылдың II жартыжылдығы.

4-мәселе бойынша:

Педагог-психолог «Педагогтердің эмоциялық жай-күйі» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Тренинг барысында:

- Педагогтердің эмоционалдық күйін реттеу жолдары.
- Кәсіби күйзелісті жеңу тәсілдері.
- Командалық жұмыс пен мотивацияны арттыру әдістері қарастырылды.

Қатысушылар белсенді қатысып, кері байланыс берді.

Қабылданған шешім:

- Әр педагог өз жұмысында эмоционалдық денсаулықты сақтау әдістерін қолдансын.
- Психолог тарапынан тұрақты түрде қолдау көрсетілсін.
- **Жауапты:** педагогтер, психолог.
- **Орындау мерзімі:** тұрақты түрде.

5-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

Қатысушылар өзекті мәселелерді талқылады:

- Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатысу.
- Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру.
- Балалардың оқу жетістіктерін арттыру шаралары.

Қабылданған шешім:

- Педагогтер кәсіби дамуға арналған курстарға жазылсын.
- Әдіскерлер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін.
- **Жауапты:** әдіскерлер, педагогтер.
- **Орындау мерзімі:** 2024 жыл.

Кеңес төрағасы: Сексенбаева Г.М.

Хатшы: Абиева Қ

2024-2025 оқу жылының
Әдістемелік кеңесінің №4 Хаттамасы

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылының қорытындысы»
Күні: 27 мамыр 2025 жыл
Уақыты: 13.00
🎯 **Мақсаты:**Оқу жылындағы тәрбие-білім беру процесінің нәтижесін қорытындылау, педагогтер мен мамандардың кәсіби жетістіктерін саралау, келесі жылға нақты ұсыныстар қалыптастыру.
✅ **Қатысқандар: 7**
Қатыспағандар- 0
📂 **КҮН ТӘРТІБІ:**
1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы
2.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
3.«Керемет топ» сайысының қорытындысын шығару. «Жыл тәрбиешісі» қорытындысын шығару.
4. Мамандар жұмысын талдау.
5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.
6. Тәлімгерлер жұмысының есебі.
7.Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.
1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы
Баяндамашы: Меңгеруші А.У. Утегулова
№3 әдістемелік сағаттың қабылданған шешімі:
- Педагогтер кәсіби дамуға арналған курстарға жазылсын.
- Әдіскерлер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін. **Жауапты:** әдіскерлер, педагогтер.

Алдыңғы кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды. Ашық сабақтар, бірлесе өткізілген іс-шаралар, әдістемелік көмек көрсетудің тиімділігі бағаланды. Шешімдердің 95%-ы уақытында және сапалы орындалғаны атап өтілді
2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп
Баяндамашылар: Барлық тәрбиешілер
Жетекшілік: Әдіскер Сексенбаева Г.М.
Әр педагог өз тобы бойынша жүргізілген білім беру іс-әрекеттерінің нәтижесін таныстырды. Ашық іс-шаралар, педагогикалық жобалар, ата-анамен жұмыс, инновациялық әдістер қолдану деңгейі талданды.
Қорытынды: барлық тәрбиешілердің кәсіби белсенділігі жоғары, балалардың танымдық, әлеуметтік және сөйлеу дағдыларында оң динамика байқалған
3. 2025 жылғы мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
Баяндамашы: Әдіскер Сексенбаева Г.М.

5 құзыреттілік бағыты бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды:

1. Коммуникативтік
2. Танымдық
3. Әлеуметтік
4. Эмоционалды
5. Дене белсенділігі

Диагностика нәтижесі бойынша 72% баланың күтілетін деңгейге жеткені анықталды. Мектепалды топтарда мектепке дайындық деңгейі жақсы

4. «Керемет топ» сайысының қорытындысы

Баяндамашы: Әдіскер Сексенбаева Г.М.

Сайыс нәтижесі критерийлер бойынша бағаланды (креативтілік, тәрбиешінің шеберлігі, балалардың белсенділігі, ата-анамен байланыс). **Жеңімпаз:** «Сұңқар» тобы. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар тапсырылатыны хабарланды

5. «Жыл тәрбиешісі – 2025» қорытындысы

Баяндамашы: Меңгеруші Сексенбаева Г.М.

Ашық сабақтар, портфолио, әдістемелік әзірлемелер, шығармашылық белсенділік сараланып, әділ бағалау жүргізілді. **Жеңімпаз:** Жанторина М. (аты-жөні). Марапаттау салтанаты педагогикалық кеңесте немесе жалпы іс-шарада өткізіледі

6. Мамандар жұмысының талдауы (музыка, дене, логопед, психолог)

Баяндамашылар: мамандар өздері

Балалардың музыкалық-эстетикалық дамуы мен физикалық белсенділігі тұрақты назарда. Логопедиялық жұмыс нәтижесінде дыбыс қателері 40% түзетілді. Психолог балалардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға бағытталған жаттығулар өткізді. Әр маман жазғы кезеңге арналған жеке жұмыс жоспарын ұсынды

7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Жетекшілік: Меңгеруші

Педагогтерге 2025–2026 оқу жылындағы аттестациядан өту тәртібі түсіндірілді. Өтініш беру мерзімі: қыркүйекке дейін. Құжаттарды жинақтау жөнінде кеңес берілді

8. Тәлімгерлер жұмысының есебі

Баяндамашы: Әдіскер Сексенбаева Г.М.

Жас мамандарға тәжірибелі педагогтердің әдістемелік көмегі берілгені баяндалды. «Жас маман – болашақтың кепілі» іс-шаралары өткізілді. Тәлімгерлік жұмысы нәтижелі деп танылды

9. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Баяндамашы: Меңгеруші Сексенбаева Г.М.

Серуен, ойын, спорттық шаралар, суды үнемді пайдалану, ауа райына сай бейімделген сценарийлер ұсынылды. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жауапты тұлғалар анықталып, тізім жасалды

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. Әдістемелік кеңесте көтерілген барлық мәселелер толық қаралды

2. Педагогтердің және мамандардың жылдық жұмысы оң нәтиже берді
3. Диагностика нәтижелері келесі оқу жылындағы жоспарлауға негіз ретінде алынсын
4. «Керемет топ» және «Жыл тәрбиешісі» жеңімпаздары марапатталсын
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі толықтырылып, құжат дайындау басталсын
6. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітіліп, орындалуы бақылауға алынсын

Кеңес төрағасы: Сексенбаева Г.М.

Хатшы: Абиева Қ